

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАГЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ  
ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТАЫРУ РЕГЛАМЕНТІ**

**БІРІНШІ БӨЛІМ**

**Мақсаты, қолдану аясы, негіздеме және қысқартылған сөздер**

**Мақсаты**

**1-бап.** (1) Осы регламенттің мақсаты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі дайындық, күндізгі, сырттай және қашықтықтан, арнағы орта, бакалавриат және жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің негіздерін реттеу болып табылады.

**Қолдану аясы**

**2-бап.** (1) Осы регламент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің дайындық, күндізгі, сырттай және қашықтықтан, арнағы орта, бакалавриат және жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің негіздерін қамтиды.

**Негіздеме**

**3-бап.** (1) Осы регламент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5 (e), 8 (c), 19- және 20-шы баптарына негізделе отырып дайындалды.

**Қысқартылған сөздер**

**4-бап.** (1) Осы регламенттегі қысқартылған сөздер мен олардың мағыналары төмендегідей;

a) Грант: Білім алу шығындары мен айлық шекіртакылары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (мемлекеттік бюджет) тарапынан толенетін, білім алушылар контингенті;

b) Квота: Білім алу шығындары мен айлық шекіртакылары Түркия Республикасы бюджетінен қаржыландырылатын білім алушылар контингенті;

c) Өкілетті Кеңес: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесі;

d) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры;

e) Ректорат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректораты;

f) Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректорының бірінші орынбасары;

g) Сенат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенаты;



h) Түркі дүниесі контингенті: Білім алу шығындары мен айлық шәкіртақылары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (мемлекеттік бюджет) тарапынан толенетін Қазақстан Республикасынан тыс Түркия Республикасы мен басқа түркі елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген білім алушылар контингенті;

i) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті;

j) Басқару Кеңесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің Басқару Кеңесі.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### Жалпы ережелер

#### Оку үдерісі жүргізілетін тілдер

**5-бап.** (1) Университетте оку үдерісі қазақ және түрік тілдерінде ұйымдастырылады. Сондай-ақ, Сенат шешімімен, кейбір мамандықтарда белгілі мөлшерде оку үдерісі орыс немесе ағылшын тілдерінде ұйымдастырылуы мүмкін.

#### Дайындық білім алу

**6-бап.** (1) Дайындық курсының мамандықтары университет Сенаты тарапынан айқындалады.

(2) Тілдерді оқудан босату жөнінде өткізілген емтихан нәтижесі бойынша оку бағдарламасы жүргізіletіn тілдерді менгермен, квота бойынша білім алатын Қазақстан Республикасы азаматы болып табылатын білім алушы және түркі дүниесі контингенті бойынша қабылданған білім алушылар бір жыл дайындық тіл үйрету орталығынан оқулары және оқуларында табысты болулары тиіс. Дайындық тіл үйрету орталығында аталған білім алушылардан тыс білім алушылар де білім ала алады.

#### Оку түрлері

**7-бап.** (1) Университеттегі оку түрлері төмендегідей:

- Күндізгі оку,
- Сырттай оку,
- Қашықтықтан (интернет арқылы) оку.

#### Негізгі ережелер

**8-бап.** (1) Университетте білім беру, емтихандар және оларды бағалауға байланысты негіздері орналасқан мемлекеттің заңнамасы бойынша Сенат тарапынан белгіленеді.

#### Дипломдар

**9-бап.** (1) Университет тарапынан берілетін дипломдары төмендегідей:

- Арнайы (кәсіптік) орта білім дипломы;
- Бакалавр дипломы;
- Магистр дипломы;



- d) PhD докторы дипломы;
- e) Резидент дипломы;
- f) Интерн дипломы;
- g) Дәрігер дипломы (медицина факультеті).

(2) Дипломдар қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі. Түркия Республикасының азаматы білім алушыларга түрік тілінде дайындалған, қазақстандық үлгідегі диплом нөмірі мен сериясы бірдей екінші диплом беріледі.

(3) Түркия Республикасы азаматтарының дипломдарына Білім алушыларді іріктеу және орналастыру орталығының классификаторында (жіктемесінде) белгіленген факультет және мамандықтың атаулары жазылады.

#### **Білім алушыларді іріктеу, орналастыру және тіркеу**

**10-бап.** (1) Білім алушыларді іріктеу, орналастыру және тіркеу іс-шаралары Студенттерді қабылдау регламенті талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

(2) Білім алушылар контингенттері Ректораттың ұсынысы бойынша Өкілетті Кенестің шешімімен белгіленеді.

#### **Жоғары оку орнынан ауысу**

**11-бап.** (1) Түркия Республикасы азаматтары білім алушылардің бір мамандықтан басқа мамандыққа ауысу және Түркиядан тыс басқа жоғары оку орындарынан университетке ауысу отініштері қарастырылмайды.

#### **Квота контингенті және таралымы**

**12-бап.** (1) Квотаның саны мен таралымына байланысты негіздер Өкілетті Кенес тарапынан белгіленеді.

(2) Квотага білім алушыларды қабылдау тәртібі мен негіздері Басқару Кенесі тарапынан белгіленеді.

#### **Күшін жойған регламент**

**13-бап.** (1) Осы регламенттің күшіне енүімен 2012 жылдың 2 маусымында откізілген Өкілетті Кенестің 42-ші мәжілісі шешімдерімен қабылданған регламент күшін жояды.

#### **Күшіне енү**

**14-бап.** (1) Осы регламент Өкілетті Кенесте қабылданғаннан кейін өз күшіне енеді.

#### **Жүзеге асыру**

**15-бап.** (1) Жалпы 15 баптан тұратын осы регламент ережелерін университет ректоры мен ректор өкілі жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кенес мәжілісінің		
Күні: 24 / 06 / 2014	Мәжіліс № 48	Шешім № 12.1.1

